

А.К.Болатбекова, Г.Т.Смағұлова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: bolatbekova58@mail.ru)*

Жоғары оқу орындарындағы тілдік емес оқу топтарында ағылшын тілінде ауызекі сөйлеуде коммуникативтік әдісті қолдану

Мақала шетел тілін оқытуда сөйлесім іскерлігін кейбір интерактивті әдістерді, яғни диалог, монолог қолдану арқылы, үйретуге және жаңа тақырыпты түсіндірудегі ең тиімді жолдардың бірі — рөлдік ойынға арналған. Сөйлеу тілі дегеніміз — әдеби тілге жататын бейресми жағдаятта қолданылатын, сөйлеушілердің тікелей қатысуымен жүзеге асатын машықты сөз. Айтылым — ойын жеткізу қажеттілігі, маңызды іс-әрекеттің өнімді түрі. Сабақта өз ойын жеткізу тілегі қарым-қатынас үшін алғашқы жағдай болып табылады. Екіншіден, студентке тілдің көмегімен маңызды мәселелерді шеше алатындай жағдай жасау керек. Оқытушы студенттердің ауызекі сөйлеуін жетілдіру және дамыту үшін барлық мүмкін тәсілдерді қолданады.

Кілт сөздер: шетел тілдер, оқыту әдістемесі, қабілет, білім, іскерлік, дағдылар, оқыту мәселесі, ағылшын тілі, диалогтық сөйлеу, монологтық сөйлеу.

Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс.

*Бұлар: қазақ тілі — мемлекеттік тіл,
орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі,
және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.*

Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауынан

Тілді тек тілдік бірліктер мен олардың өзара байланысының қатаң құрылымды жүйесі деп түсінуге болмайды, тіл, ең алдымен, қатысым құралы болып табылады.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз қазақстандықтар үшін, жастар үшін ағылшын тілін үйрену ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі дамыту қажеттілігін туындатып отыр. Білім — адамзат қазынасы, халықтың білімділігі — елдің байлығының ең маңызды бөлігі. Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде білім арқылы ең озық мәдениет пен дүниетаным қалыптасады.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Сондай-ақ халықаралық қатынастар аясында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды.

Оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай әдістердің бірі — коммуникативтік оқыту технологиясы. Осы мәселе жөнінде, яғни ағылшын тілін оқытудағы, коммуникативті біліктілік деңгейді Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: коммуникация тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады. Ол алдын ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді.

Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз — пікір алысуға негізделген әдістеме. Ал адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсініп, пікірлесе алады. Студенттерді белгілі бір дәрежеде ағылшын тілінде сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген

сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін, ағылшын тілі алғашқы сабақтан бастап сөйлем түрінде үйретілуі тиіс. Себебі жеке атау тұлғалы сөздер де, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіре алады [1].

Студенттердің сабақта айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білуі және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Осы біліктілік коммуникативтік біліктілік деп аталады [2].

Коммуникативтік біліктілік мынадай оқу мақсаттарын қамтиды:

1. Когнитивті мағыналық мақсат, яғни, студент коммуникативтік жағдаяттарды әңгімелесу, сөйлесу, қарым-қатынас туындайтын жағдайларды таба білуі керек. Ол өзінің іс-әрекетінің, сөйлесуінің, қарым-қатынас жасауының барысында осы жайттарды ескеруге дағдылануы, үйренуі қажет.

2. Әлеуметтік мақсат, оны жүзеге асыру кезінде студент өзін өзі қалай ұстайтынын біле отырып, өз іс-әрекетіне жауап бере алады. Алға қойған мақсатына басқалармен бірге жетуге ұмтылады, сондай-ақ қарым-қатынас жасайтын әріптесімен жеке тұлға ретінде тең жағдайда болуға тырысады.

3. Лингвистикалық біліктілік мақсат. Бұл мақсатқа сәйкес студент ойларын, іс-әрекетін сөйлеп жеткізе алуға ынталы болады.

Бұл үш компонент бөлек-бөлек емес, керісінше, өзара тығыз байланыста болады деп пайымдайды Г.Нойнер [3].

Ағылшын тілін оқытуда коммуникативті мақсатқа жетуде ауызекі сөйлеудің рөлі өте зор. Себебі ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңіл-күй қатынасын білдіреді. Сөйлеудің екі түрі бар. Олар: монологтық, диалогтық. Диалог — екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретінде сөйлесіп, тіл қатысуы. Диалогтық сөйлеу алдын ала жоспарланбайды, сөйлесу кезінде пайда болады. Студенттер жалпы, арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтінін білдіре алуы керек. Студенттердің сөйлеу қарқынын өсіру керек және әр студент сөйлегенде кемдегенде үш, төрт реплика айтуы тиіс. Диалогтық сөйлеуді дамытуда дискуссия-сабақ, экскурсия-сабақ, ойын-сабақ, талқылау сабақтарының рөлі зор.

Осы орайда сабағымызда қолданып жүрген коммуникативтік әдіске құрылған тапсырмалардың мынадай үлгілерін пайдаланамыз:

Make up a dialogue about own future professions.

– Have you chosen your future profession?

– Yes, I want to be a guide or an interpreter.

– Why have you chosen to work in this field? What are your criteria?

– These professions are well-paid, interesting, and useful. These are the jobs which let you learn something new every day. I find it interesting and challenging to solve new problems. At the same time I shall work with English and Kazakh, Russian, the languages I like. I shall also have a wide range of opportunities to see foreign countries and to communicate with native speakers.

– Do you have the needed traits of character?

– Well, I'm industrious, I think, this is a very important trait of character. I am also good at languages and communicative. My father says I am organised, reliable and practical.

Студенттің сөйлеу іскерлігі мен қабілеті негізінен жалпы, жеке және арнайы әрекеттерін қалыптастыруға бағытталады. Бұл қабілеттердің ішінде біз студенттің қабілеті мен іскерлігін дамытуда ауызша коммуникативті жаттығу түрі монолог болып табылады.

Монологты сөйлеуді дамыту сабақтары — шет тіліне оқытудағы негізгі сабақтардың бірі. Монологтық сөйлеу алдын-ала әзірленуді талап етеді [4].

Монологты бір адам ғана сөйлейді, ол бір немесе бірнеше тыңдарманға айтылады. Ол: оқытушының әңгімесі, студенттің толық жауабы, баяндама т.с.с. Құрылым жағынан монолог өте күрделі және грамматикалық ережелерді қатаң сақтауды, ой ұшқырлығын, логикалық тұрғысынан жақсы құрылған және жүйелі әңгімені талап етеді.

Монолог, диалог сөзге қарағанда, кешірек дамиды, сондықтан алғашқы сатыда студенттерге монологтық сөзге үйретуде педагогтар көп жылдар бойы осы проблеманы шешуге ұмтылуда.

Монологты оқыту үлгісімен біз студенттердің танымдық, шығармашылық әрекетінің қалыптастыру жолын түсінеміз.

Студенттерді сөйлеуге үйрету нәтижесі қатысымдық қабілеттің жалпы, арнайы, жеке іскерліктерін дамыту бағытында құрылады. Ал монолог бір адамға бағытталғандықтан, студенттің жеке іскерлігін дамытуды мақсат етеміз.

Жалпы қабілеттерге студенттің жалпы оқытуда кілт сөздермен, түрлі ақпарат құрылымдарымен жұмыс істей алуы, әңгіме құруда себеп-салдарын құрастыра білуі, ойлаған ойын қысқаша жазба сөздермен түсіндіруі, сараптай және қорытындылай білуі жатады.

Арнайы қабілеттерге студенттің түрлі анықтама сөздікпен жұмыс жасауы, әр түрлі сөз әрекеттерін құрастыруда жаза алуы, оқи алуы, айта алуы, сөйлеу лексикасын, өз әңгімесін құруға қолдана алуы жатады.

Жеке қабілеттерге студенттің өз қызығушылығын арттыруы, өз мақсаты мен міндетін белгілей алуы, болжап, жоспарлай алуы және өзін-өзі болжап түзетуі, оны іс жүзінде көрсете алуы, түсінігін көрініспен елестетуі, ойын қабылдап қорытуы, түйінін дәлелдеуі кіреді.

Кез келген сөйлеу біліктілігін дамыту процесінде екі кезеңді, яғни сөйлеуге дайындық және сөйлеу кезеңін, ескеру қажет. Сөйлеуге дайындық кезеңінде, алдымен, фонетикалық және лексика-грамматикалық дағдылар қалыптастырылып, студенттер өз ойларын монолог түрінде айтуға жаттығуы керек. Монологтың құрылымын, композициясын және архитектуралық жағын үйретуде үлгі-мәтінді пайдалану керек.

Мәтінмен жұмыс төрт сатыдан тұрады:

1. Мәтінге дейінгі.
2. Тікелей мәтінмен жұмыс.
3. Аналитикалық.
4. Мәтіннен кейінгі.

Мәтінге дейінгі саты студенттерді үлгі-мәтіндегі кездесетін қиындықтарды шешу жолдарына бағыттайды. Тікелей мәтінмен жұмыс үлгі-мәтінді оқуға және мәтіннен кейінгі берілген тапсырмаларды орындауға бағытталған. Мұнда студенттердің мәтін мазмұнын қалай түсінгені тексеріледі. Аналитикалық сатының мақсаты мәтінді, құрылымдық, мазмұндық компоненттеріне қарай топтау болып табылады.

Мәтіннен кейінгі сатының мақсаты — студенттердің үлгі-мәтін айтып беруі. Сөйлеу кезінде студенттердің сөйлеу біліктіліктері қалыптастырылады. Мұнда студенттер өз бетінше мәтінде көтерілген мәселеге байланысты өз ойларын айтып жеткізуге тырысады. Бұл жерде үлгі-мәтін афоризмге, мақал-мәтелге, ұранға т.б. байланысты болады. Тақырыпты оқымас бұрын коллажбен танысуы керек. Ол үшін коллаждың фрагментіне кірген негізгі түсініктермен тақырыптың мағыналық белгілерін талдау керек. Коллаж ауызша сөйлеудің тірегі болып саналады, яғни негізгі сөзден басқа коллажға түрлі суреттер, жинақталып жүйеленген суреттер т.б. жатады. Аталған негізгі сөздерден бөлек коллаж фрагментіне тірек сөздер енгізіледі.

Мәтін негізінде монолог түрінде сөйлеуді дамыту жеті жаттығудан тұрады:

- 1) мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру;
- 2) дұрыс және қате сөйлемдерді табу;
- 3) мәтінді абзацтарға бөлу және оларға тақырып беру;
- 4) берілген сұрақтардың ішінен 3–4 сөйлеммен айтып беру;
- 5) мәтінді қысқаша мазмұндау;
- 6) студенттер мәтін мазмұнын өз сөздерімен толықтыру;
- 7) өз қиялымен жазушы ретінде өзгеріс енгізу.

Ауызша сөзді жетілдіру үшін жасалатын жаттығулардың көбісі тіл және сөз жаттығулары түрі беріледі және ондай жаттығуларсыз студенттерді сабақта сөйлету мүмкін емес. Студенттердің сөйлеген сөзі жатық болу үшін олар тақырыптарға байланысты емес, басқа сөздерді де білуі керек. Ондай сөздер қатарына сәлемдесу, әдептілік ишараттарын, өтініш т.б. (*Good day, May I..., Make up...*). Ауызекі сөйлеу үшін студенттің сөздік қорында зат есімдер мен етістіктердің, есімдіктер мен көмекші сөздердің болуының маңызы зор.

Сонымен бірге көмекші сөздердің ішінде жоққа шығаратын сөздер, заттың қайда екенін білдіретін, модальді сөздердің, істің, қимылдың басталуын, аяқталуын, жалғасуын білдіретін сөздердің алатын орны ерекше. Осы сөздерді қамтитын жағдаяттарға келсек, олар негізінен мынадай болады. Барлық әңгімелер өз елімізде болады да, ал сөйлесетін әріптестер шетелдіктер болады. Мұндай жағдаяттар заттарға және қарым-қатынастарға байланысты болуы керек. Сонымен қатар суреттеу, пікірталас жағдаяттарын да атаған жөн. Мысалы заттарға байланысты жағдаяттар:

а) Лондоннан келген студенттер біздің студенттерден қандай кітаптар, пәндер оқитындарын сұрайды. Бұған табиғат т.б. туралы суреттеулер де кіреді.

ә) Көшеде: шетелдікпен көшеде, аялдамада кездесу. Шетелдік біздің қалада алғаш рет болғандықтан, жол сұрайды.

Қарым-қатынас (пікірлесу) жағдаяты:

а) Университетте: Білім беру жүйесі туралы фильмді талдау.

ә) Көшеде: автобуста шетелдікпен әңгіме. Суреттеу жағдаяттары.

б) Студент шетелдікке көшеде жол сілтеп, қаланы суреттейді. Лондоннан келген оқытушы студенттерден университет туралы сұрайды. Оқытудың бастапқы сатысына арналған жағдаяттар арнайы құрылуы тиіс.

«Лексиканы коммуникативтік мақсатта қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін алдымен оларды қандай әдіс-тәсіл арқылы үйрету керек?» деген сұрақ туындайды.

Ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы тиіс, себебі ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті жағдаяттарды мынадай жолдармен беруге болады:

а) «көз алдыға елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы жағдаяттар құру;

ә) белгілі бір жағдаятты жасайтын сурет немесе жағдаятты дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Оқытудың ситуативтілігі студенттер мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас жағдаяты пайда болады. Е.Пассов ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «жағдаят» мен «ситуативтілікті» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Жағдаят» дегеніміз — қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік — қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді: а) статустық; ә) ролдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік [4; 24].

Жалпы коммуникативті әдісті дамытуда рөлдік ойындардың да орны ерекше. Себебі ойын студенттердің бір-бірімен, оқытушымен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында теңдік шартын тудыру арқылы оқытушы мен студент арасындағы дәстүрлі кедергіні жояды.

Ойын өз-өзіне сенімсіз, ұялшақ балаларға сөйлеу арқылы сенімсіздік кедергісін жоюға көмектеседі. Ойын арқылы студенттер әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу, оның ойымен келісу немесе келіспеу, сұрақтар қою сияқты қарым-қатынас элементтерін меңгереді.

Рөлдік ойын шет тілдің әлеуметтік қолдануына сезімтал болуды үйретеді. Жақсы әңгімелесуші көбіне тілдік құрылымдарды дұрыс қолданатын адам емес, серіктестердің түскен жағдайын талдап, түсіне алатын және бар мәліметтерді ескере отырып, әрекеттесу үшін ең қолайлы лингвистикалық тәсілдерді қолдана алатын адам болып табылады.

Жалпы, ойын студенттердің танымдық мүддесінің қалыптасуына жағымды әсер етіп, шетел тілін жақсы игеруіне әсерін тигізеді. Және олар студенттің бойындағы дербестік, талапшылдық сияқты қасиеттерді дамытып, ұжымшылдық сезімін тәрбиелейді. Студенттер белсене жұмыс істеп, бір-біріне көмектесіп, жолдастарын мұқият тыңдайды; ал оқытушы тек бақылаушы, оқу қызметін басқарушы болады.

Рөлдік ойынға қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетуге болады.

- Ойын студенттерді ынталандырып, тапсырманы дұрыс орындауға деген ниеті мен қызығушылығын тудыруы керек және оны адекваттық шынайы қарым-қатынастық жағдаяттар негізінде құрастыру тиіс.

- Рөлдік ойынды мазмұны жағынан да, формасы жағынан да жақсылап ойластырып, нақты ұйымдастыру қажет. Студенттердің берілген рөлді жақсы сомдаудың қажеттілігіне сенімді болуы керек. Сонда ғана олардың сөздері шынайы және сенімді болады.

- Рөлдік ойын бүкіл топпен қабылдануы тиіс.

• Ол міндетті түрде мейірбандық, шығармашылық атмосферасында өтіп, студенттердің бойында қуаныш және қанағаттану сезімін тудыруы қажет. Студент рөлдік ойын барысында өзін неғұрлым еркін сезінсе, әңгіме барысында ол соғұрлым белсенді және бастамашыл болады. Уақыт өте оның кез келген рөлді сомдай алатынына деген сенімділігі арта түседі.

• Ойын студенттер белсенді тілдік қатынаста өтіп жатқан тілдік материалды анағұрлым тиімді қолдана алатындай етіп ұйымдастырылуы керек.

• Оқытушының өзі міндетті түрде рөлдік ойынға және оның тиімділігіне сенімді болуы қажет. Тек сонда ғана ол жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Ойынға дайындық кезеңінде және ойынның өту барысында оқытушының рөлі үнемі ауысып отырады. Бастапқы кезеңде ол студенттердің әрекетін белсенді түрде бақылап отырса, кейін ол тек сырттан бақылайтын болады.

• Сабақта жанға жайлы жағдай жасап, мейірбандық атмосферасын тудырудың маңызы өте зор. Ойын барысында оқытушы өзіне бір рөлді алуына болады, бірақ ол басты рөл болмауы керек. Ондай жағдайда бұл кәдімгі оқытушының басқаруымен іске асатын жұмыс формасы болып қалады. Ойын барысында мықты студенттер нашар оқитын студенттерге көмектеседі. Ал оқытушы көмегі қажет болған балаларға жақындап әңгімелесу үрдісін басқарады және керек болған жағдайда коррекция жасап отырады.

Рөлдік ойындарды бастапқы кезеңде де, ілгерімді кезеңде де қолдануға болады. Онда вербалды және вербалды емес әдістер арқылы жасалған жағдаяттар қолданылады (мысалы: суреттер, графика, монологтік немесе диалогтік мәтіндер т.б.) Жағдаят әрекет ету шартын бағыттап, сипаттайды және шешілетін мәселені көрсетеді. Берілген проблемалар қарапайым немесе күрделі болуы мүмкін, сондықтан әңгімелесушілердің коммуникативтік қарым-қатынасы да тілдік формаларды қолдануына байланысты қарапайым немесе күрделі болып келеді. Мысалы, оқу топтарында біз шетелдік серіктестермен білім саласындағы ортақ жұмыс жоспарын талқылау жағдаятын қарастырдық. Әңгімелесушілер өздерінің әңгімеге қызығушылығын білдіру, шетелдік серіктестердің көзқарасын қолдап, өз көзқарастарын дәлелдеу, шетелдіктердің позициясымен келіспей, ортақ шешім іздеу сияқты тілдік интенциялар ұсынды. Сонымен қатар серіктестермен белгілі бір саладағы отандық жаңа құрылғының тұсаукесері кездесу жағдаяты қарастырылды. Бұл жерде шетелдік серіктесті көрмеде ұсынылған объектілерге деген қызығушылығын ояту, ұсынылған заттарға баға беруін өтіну, өз ойын дәлелдеуге сүйене отырып, түсіндіруді өтіну, кей жерлерде баяуырақ сөйлеуді, кей сөздердің мағынасын түсіндіруді сұрау, шетелдіктерге көрмеге белсене қатысқаны үшін алғыс білдіру сияқты тілдік интенциялар қарастырылды.

Ал тілдік емес мамандықтар оқу топтарында алмасу бағдарламасы негізінде шетелдік отбасында өмір сүру жағдаятын қарастыруға болады. Бұл жерде жылы қарсы алғандарына ризашылық білдіру, қоршаған орта мен үйдің әсемдігіне таңдану, тілде еркін сөйлей алмағаны үшін кешірім өтіну, өз елі және қаласы жайлы әңгімелеп, қызығушылық тудыру т.с.с. тілдік интенциялар ұсынылды.

Рөлдік ойынды пайдалану оқытушы тарапынан үлкен дайындықты талап етеді. Орындалатын рөлдік ойынды таңдап, ондағы кейіпкерлерге қажет болатын көрнекіліктерді дайындау да оқытушының міндетіне кіреді.

Сонымен, ойын келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық-мәдени құндылықтар мен әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі; баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әр түрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, оқу үрдісінде «ойын түрлерін пайдалану, біріншіден, студенттердің білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді.

1. Әр студенттің шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Студенттің жеке қабілеті анықталады.
4. Студент топ жаруға ұмтылады.
5. Студенттің ойлау қабілеті дамиды.
6. Әр студент өз деңгейімен бағаланады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту — біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Қорыта айтқанда, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз.

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану — қазіргі заман талабы.

Қорытындылайтын болсақ, ауызекі сөйлеуді қалыптастыру үшін студент әр сабақта жаңа білім алып қоюмен шектелмей, өз бетінше ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму біліктілігін жетілдіріп отыруы қажет. Сонда ғана студент ауызекі сөйлеу мақсатына жете алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Оразбаева Ф.* Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. — Алматы: РБК, 2000. — 77-б.
- 2 *Пассов Е.И.* Основы методики обучения иностранным языкам. — М.: Рус. яз., 1977. — С. 105.
- 3 *Бим И.Л.* К вопросу о методах обучения иностранным языкам // Иностранные языки в школе. — 1974. — № 2. — С. 89.
- 4 *Teaching English Language and Managing Teachers Associations: Sharing Ideas, Sharing Experiences: Материалы VII Междунар. науч.-практ. конф.* — Тараз, 2007. — С. 39.

А.К.Болатбекова, Г.Т.Смағұлова

Применение коммуникативного метода при обучении говорению в неязыковых группах вуза

Статья посвящена некоторым приемам обучения говорению, которое предусматривает как диалог, так и монолог, а также вопросу значения ролевой игры как одному из наиболее эффективных приемов введения нового материала. Рассмотрено говорение как продуктивный вид деятельности, для которого важна потребность высказываться. Авторы отмечают, что на уроке желание высказаться является первым условием для общения, второе — это поставить студента в такие условия, при которых он с помощью языка мог бы решать важные для него проблемы. Доказано, что преподаватель при этом использует все возможные приемы для развития и совершенствования устной речи студента.

A.K.Bolatbekova, G.T.Smagulova

Application of a communicative method when training in speaking in nonlanguage groups of higher education institutions

Article is devoted to some methods of training in speaking which provides both dialogue, and a monologue and as it is devoted to a question of value of a role-playing game as to one of the most effective methods of introduction of a new material. Speaking — a productive kind of activity for which the requirement to express is important. At a lesson the desire to express is the first condition for communication. The second — to put the student in such conditions under which he by means of language could solve important problems for it. The teacher thus uses all possible receptions for development and improvement of oral speech of the student.

References

- 1 *Orazbayeva F.* *Language relation: theory and methodology*, Almaty: RBK, 2000, p. 77.
- 2 *Passov Ye.I.* *Bases of a technique of training in foreign languages*, Moscow: Rus. yaz., 1977, p. 105.
- 3 *Bim I.L.* *Foreign languages at school*, 1974, 2, p. 89.
- 4 *Teaching English Language and Managing Teachers Associations: Sharing Ideas, Sharing Experiences Materials of VII International scient.-pract. conf.*, Taraz, 2007, p. 39.